

**М.Өтемісов атындағы Батыс  
Қазақстан университеті**  
ғылыми кеңесінің  
**№6 ХАТТАМАСЫ**  
27 ақпан 2026 ж.

**Западно-Казахстанский  
университет им. М.Утемисова**  
заседание ученого совета  
**ПРОТОКОЛ №6**  
27 февраля 2026 г.

**Өткен орны: 205-мәжіліс залы**

**Кеңес төрағасы – Н.Х.Серғалиев**

**Ғылыми хатшы - А.С. Ниетова**

**Қатысқандар: ғылыми кеңестің 18 мүшесі**

**Қатыспағандар: ғылыми кеңестің 3 мүшесі (себепті)**

**Шакырылғандар: бөлім жетекшілері, білім беру бағдарламаларының жетекшілері, кафедра меңгерушілері**

#### **КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. 2025-2026 оқу жылының бірінші академиялық кезеңіндегі аралық аттестаттау нәтижесін талдау есебі. *С.А. Қажиахметов - академиялық қызмет департаменті директорының м.а.*
2. Университетте сандық білім беру ортасын дамыту мен AI-Sana бағдарламасының жүзеге асырылуы туралы ақпарат. *Э.Ж.Имашев - стратегиялық даму және инновация департаментінің директоры*
3. Ағымдағы мәселелер
  - 3.1. Философия докторы (PhD) К.Р. Кажимованы ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің қауымдастырылған профессоры (доцент) ғылыми атағына ұсыну туралы. *А.С.Ниетова – ғылыми хатшы*
  - 3.2. М.Өтемісов атындағы БҚУ-да ғылыми жұмыс пен халықаралық байланыстарды дамытудың 2026 жылға арналған жол картасын бекіту туралы. *Қ.М.Ахмеденов – ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор*
  - 3.3. Университетішілік атаулы шәкіртақыларды тағайындау туралы. *Г.С. Қайсағалиева – академиялық мәселелер бойынша проректор*
  - 3.4. 2025-2026 оқу жылында 1-курсқа қабылданған магистранттардың магистрлік диссертацияларының тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекіту туралы. *М.Ғ.Кәкішев – ғылым және жоо-дан кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі*
  - 3.5. 6В01901 «Арнайы педагогика», 8D01302 «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі», 8D01301 «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламаларын Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті тізіліміне енгізу туралы. *Б.Ж. Жангазиева - білім беру бағдарламалары жобалық кеңсесінің жетекшісі*
  - 3.6. «М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» коммер-

циялық емес акционерлік қоғамы білім беру үрдісінің жағдайларына шетелдік студенттер мен магистранттарды бейімдеу бағдарламасы мен ERASMUS+, DAAD, MEVLANA, ORHUN және басқа да академиялық ұтқырлық жобаларына қатысу үшін М. Өтемісов атындағы БҚУ студенттері мен профессор-оқытушылар құрамын іріктеу туралы ережені және «М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» білім алушылары мен оқытушыларының академиялық ұтқырлығы туралы ережесіне енгізілген толықтырулар мен өзгерістерді бекіту туралы. *В.С. Зубков – халықаралық қатынастар және көптілділік бөлімінің жетекшісі*

- 3.7. Б.ғ.к., Д.Т. Утеулиева, аға оқытушылар К.Б. Булатова, Ж.М. Ихласовалардың «Жануарлардың құрылымы мен қызметі 1» оқу құралын Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы РОӘК грифін алуға ұсыну туралы. *А.С.Ниетова – ғылыми хатшы*
- 3.8. Университеттің үздік студентін марапаттау мақсатында «О.В. Талецкий» ЖК тағайындаған шәкіртақыға үміткер ұсыну туралы. *М.Қ.Сүлейменов – тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор*

#### ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша академиялық қызмет департаменті директорының м.а. С.А. Қажиахметовтің 2025-2026 оқу жылының бірінші академиялық кезеңіндегі аралық аттестаттау нәтижесін талдау есебі тыңдалды (есеп мәтіні тіркелді).

Кеңес төрағасы Н.Х. Серғалиев – есептегі факультеттер шегінде бағалардың бөліну көрсеткішіне қарасақ филология факультетінде 3480 студент емтиханды тек үздік бағаға тапсырған, ал педагогика факультетінде 607 студент қанағаттанарлықсыз баға алған, сонда біздің студенттер тек «өте жақсы» не «өте нашар» оқитын болып тұр ма, студенттердің білім деңгейіне бақылау жұмысын өткіздіңіздер ме? Академиялық адалдық ережесін бұзған студенттер болды ма?

Академиялық мәселелер бойынша проректор Г.С. Қайсағалиева – есеп берілгенше білім деңгейін анықтау үшін білім сапасына тәуелсіз бақылау жүргізуге үлгермедік. Екі студенттің орнына басқа студент емтихан тапсыруға кірген жағдай тіркелді, оларға акт толтырылып, шара қолданылды.

#### СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Кеңес төрағасы Н.Х. Серғалиев университет академиялық адалдық лигасына кіріп, жазба жұмыстарын плагиатқа тексеруге келісімшартқа отырып жатқанда, екі студенттің орнына емтиханға басқа адамның кіруі бақылаудың жоқтығынан екенін, сессия мен аралық бақылау қорытындысын жасағанда үнемі академиялық адалдықты сақтамағандардың санын да көрсетуді ескерттің, студенттердің білім деңгейін анықтау мақсатында білім сапасына тәуелсіз бақылау өткізудің нақты кестесін жасап, нақты уақыт беріп сол аралықта

өткізуді тапсырып, қаулы жобасына білім алушылардың білім деңгейін анықтау үшін білім сапасына тәуелсіз бақылау өткізу керектігін енгізуді ұсынып, кеңес мүшелерінің өзгелей алып-қосары болмаса жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, қаулы жобасын бекітуді дауысқа салуды ұсынды.

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

#### ҚАУЛЫ:

1. 2025-2026 оқу жылындағы аралық аттестаттау (қысқы емтихан сессиясы) нәтижелері қаперге алынсын.
2. Білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамы арасында академиялық адалдық ережелерінің қағидаларын насихаттау және оны орындау жұмыстары тұрақты және кешенді түрде жүргізілсін.

**Жауаптылар:** басқарма мүшелері-проректорлар, факультет декандары, білім беру бағдарламаларының жетекшілері/кафедра меңгерушілері, академиялық топтардың кураторлары, жастар ісі жөніндегі комитет жетекшісі

**Мерзімі:** үнемі

**Аяқталу түрі:** оқыту хаттамалары

3. Бақылаудың түрлі нысандарын, соның ішінде ағымдағы, аралық, рейтингтік және қорытынды бақылауды ұйымдастырып өткізудің жаңа нысандары енгізіліп, бақылау мен аттестаттаудың түрлі нысандарының материалдарын сапалы әзірлеу жұмыстары жалғастырылсын.

**Жауаптылар:** академиялық қызмет департаменті директорының м.а., факультет декандары, білім беру бағдарламаларының жетекшілері/кафедра меңгерушілері, ПОҚ

**Мерзімі:** наурыз-сәуір, 2026 ж.

**Аяқталу түрі:** бекітілген ПОҚ оқу бағдарламалары/силлабустар, аралық аттестаттау кестесі, жаңартылған бақылау/емтихан материалдары

4. Факультет, білім беру бағдарламалары/кафедра басшылығы тарапынан бекітілген сабақ кестесіне сәйкес профессор-оқытушылар құрамының сабақтарына қатысып, сабақтардың өту сапасы бойынша талдау нәтижелері сабаққа қатысу журналына енгізілсін.

**Жауаптылар:** академиялық қызмет департаменті директорының м.а., факультет декандары, білім беру бағдарламаларының жетекшілері/кафедра меңгерушілері

**Мерзімі:** оқу жылы бойына

**Аяқталу түрі:** сабаққа қатысу журналындағы талдау

5. Факультет, білім беру бағдарламалары/кафедра тарапынан үлгермеуші білім алушыларды уақытылы анықтап, объективті бағалау мақсатында профессор-оқытушылар құрамының Platonus жүйесінде ағымдағы бақылау журналына білім алушылардың бағасын апта сайын енгізуі қолға алынсын және аталған жүйенің ағымдағы бақылау журналындағы көрсеткіштерге тұрақты мониторинг жасалсын.

**Жауаптылар:** академиялық қызмет департаменті директорының м.а., факультет декандары, білім беру бағдарламаларының жетекшілері/кафедра меңгерушілері

**Мерзімі:** апта сайын

**Аяқталу түрі:** жазбаша мәлімдемелер

6. Барлық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың білім деңгейін анықтау мақсатында білім сапасына тәуелсіз бақылау жүргізілсін.

**Жауаптылар:** факультет декандары, білім беру бағдарламаларының жетекшілері/кафедра меңгерушілері, академиялық қызмет департаменті директорының м.а.

**Мерзімі:** наурыз-сәуір, 2026 ж.

**Аяқталу түрі:** бақылау нәтижелері бойынша ақпарат

7. Осы қаулының орындалуын қадағалау академиялық мәселелер бойынша басқарма мүшесі-проректор Г.С.Кайсағалиеваға жүктелсін.

#### ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша стратегиялық даму және инновация департаментінің директоры Э.Ж.Имашевтың университетте сандық білім беру ортасын дамыту мен AI-Sana бағдарламасының жүзеге асырылуы туралы ақпараты тыңдалды (ақпарат мәтіні тіркелді).

#### СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Кеңес төрағасы Н.Х. Серғалиев электронды форматта шығаруға жоспарланып орындалмай қалған барлық электронды оқулықтар, бейне дәрістер, ЖАОК келесі оқу жылына көшіріліп, толығымен орындалуы керектігін, ақпаратты негізге ала отырып, бір апта ішінде проректорлар, стратегиялық даму және инновация департаментінің директоры, осыған жауапты құрылымдық бөлім жетекшілері мен факультет декандары, білім беру бағдарламаларының жетекшілері мен кафедра меңгерушілері, жауапты оқытушылардың барлығының жауапкершілік аумағы анықталып, әрқайсысының жауапкершілігі нақты көрсетілген бұйрық шығарылып, дайындалған цифрлық контенттің оқу үрдісінде толығымен пайдаланылуына жүйелі мониторинг жүргізуді, сонымен қатар профессор-оқытушылар құрамының EasyEnglish, Coursera халықаралық білім беру платформаларына сатып алынған лицензияларды тиімді және толығымен қолдануын тапсырды.

Ғылыми кеңес мүшелері ақпаратты негізге алу туралы ұсынысты дауысқа салып бірауыздан қолдады.

#### ҚАУЛЫ:

Ақпарат негізге алынсын.

#### Ағымдағы мәселелер

#### ТЫҢДАЛДЫ:

Ғылыми хатшы А.С.Ниетова ғылыми кеңес мүшелерін философия докторы (PhD) К.Р. Кажимованың ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 50300 «Білім» мамандығы бойынша қауымдастырылған профессоры (доцент) ғылыми атағын алу үшін дайындалған құжаттарымен таныстырып, олардың ереже талаптарына сай екенін, үміткердің 30-дан аса еңбегі, оның ішінде Комитет ұсынған басылымдарда 12 мақала, соның ішінде сұратылған мамандық бойынша 10, халықаралық рецензияланатын басылымдарда 4 мақаласы, 3 монография, 1 оқу құралы мен 3 электронды оқу құралы жарияланғанын атап көрсетіп, ұсынысты қолдауды сұрады (қажетті құжаттар тіркелді).

#### СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Педагогика факультетінің деканы Г.А. Ерғалиева К.Р. Кажимованың өз еңбек жолын М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің педагогика және психология кафедрасының оқытушылығынан бастап, аға оқытушы, философия докторы (PhD), ал қазір мәдениет және өнер факультетінің деканына дейін өсу жолынан өткеніне, факультет деканы ретінде студенттердің ғылыми, пәндік, шығармашылық жетістіктеріне қолдаулар көрсетіп, бірнеше Халықаралық, республикалық конкурстарға, республикалық пәндік олимпиадаға қатысуға және жоғары нәтиже көрсетуіне ықпал етіп, өзі де студенттерді олимпиадаға дайындап, шәкірттерінің Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен Республикалық олимпиадада (2019 ж.). «Өзін-өзі тану» пәнінен III орын алғанына, Акмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университетімен бірлесе оқытушылардың инклюзивті білім беруден біліктілік арттыру курсына ұйымдастырғанына тоқтала келе, К.Р. Кажимованың кандидатурасын ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 50300 «Білім» мамандығы бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуға лайық деп санайтынын айтты.

Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Қ.М. Ахмеденов Карылгаш Рахымовнаның Scopus деректер қорына енген басылымдарда жарияланған 4 мақаласы (Хирш-Индексі-3), қорғағаннан кейін Комитет ұсынған басылымда 12 мақаласы жарияланса, оның 10 сұратылған мамандық бойынша екенін, 3 монография және 7 оқу-әдістемелік құрал, 1 оқу құралы (РОӘК грифімен), 3 электронды оқулықтың авторы екенін айтып, үміткердің үнемі ізденіп түрлі деңгейдегі халықаралық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, баяндама жасайтынын (Анталлия, Түркия, 2017 ж., Быдгощ, Польша, 2024 ж.), Болашақ халықаралық стипендиясы «500 ғалым» бағдарламасының түлегі (Польша, Быдгощ қаласы, Экономика университеті 2024 ж.), 2025 жылы Акмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университетінен академиялық ұтқырлықтан өткенін және «ЖОО үздік оқытушысы» грантының (2021 ж.) иегері болғанын атап көрсетіп, К.Р. Кажимованың кандидатурасын ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 50300 «Білім»

мамандығы бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағына ұсынуды қолдайтынын білдірді.

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев өзге пікір білдірушілер болмаса, жасырын дауыс беру үшін санақ комиссиясын құруды ұсынып, кімде қандай ұсыныс барлығын сұрады.

Ғылыми хатшы А.С.Ниетова санақ комиссиясының құрамына педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Р.И. Испулова, физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент) А.А. Кульжумиева, философия докторы (PhD) Д.З. Сагидуллаевтардың кандидатурасын ұсынды.

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев санақ комиссиясының құрамына ұсынылған әріптестердің кандидатурасына ғылыми кеңес мүшелерінің алыпқосары бар ма деп сұрады.

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты қолдайтындарын білдірді.

Санақ комиссиясының құрамын бекіту туралы ұсыныс дауысқа салынып бірауыздан қолданды.

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев санақ комиссиясына жасырын дауыс беру рәсімін бастап, бюллетендерді кеңес мүшелеріне таратуды ұсынды.

Дауыс беру аяқталған соң санақ комиссиясының мүшелері жасырын дауыс беру нәтижесін санап, тиісті хаттамамен ресімдеді.

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев жасырын дауыс беру нәтижесін жариялау үшін санақ комиссиясының төрағасы Р.Н. Испуловаға сөз берді.

Санақ комиссиясының төрағасы Р.Н. Испулова ғылыми кеңес мүшелерін санақ комиссиясының №1,2 хаттамаларымен таныстырып, бекітуді сұрады.

Ғылыми кеңес мүшелерінің философия докторы (PhD) К.Р. Кажимоваға жасырын дауыс беру нәтижесі:

Жақтағандар - 17

Қарсы болғандар - 0

Қалыс қалғандар – 1

Жарамсыз бюллетень – 0

Дауыс беру қорытындысын негізге ала отырып ғылыми кеңес

#### ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Санақ комиссиясының №1,2 хаттамалары бекітілсін.
2. Философия докторы (PhD) К.Р. Кажимованың 50300 «Білім» мамандығы бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуға дайындаған аттестаттау құжаттары ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жолдансын.

#### ТЫҢДАЛДЫ:

Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Қ.М.Ахмеденов 29.01.2026 жылғы №5 ғылыми кеңес шешімдерін орындау мақсатында университеттің даму бағдарламасымен сәйкестендіріліп дайындалған М.Өтемісов атындағы БҚУ-да ғылыми жұмыс пен халықаралық

байланыстарды дамытудың 2026 жылға арналған жол картасымен таныстырып, оның алдын ала барлық факультеттер мен құрылымдық бөлімдерге, ғылыми кеңес мүшелеріне танысу үшін таратылғанына тоқтала келе бекітуді сұрады (мәтіні тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері М.Өтемісов атындағы БҚУ-да ғылыми жұмыспен халықаралық байланыстарды дамытудың 2026 жылға арналған жол картасымен алдын ала танысқандарын айтып, ұсынысты дауысқа салып бірауыздан қолдады.

#### ҚАУЛЫ:

М.Өтемісов атындағы БҚУ-да ғылыми жұмыспен халықаралық байланыстарды дамытудың 2026 жылға арналған жол картасы бекітілсін.

#### ТЫҢДАЛДЫ:

Академиялық мәселелер бойынша проректор Г.С.Қайсағалиева ғылыми кеңес мүшелерін 2025-2026 оқу жылының бірінші академиялық кезеңінің қорытындысы бойынша М.Өтемісов, А.С.Пушкин, В.В.Иванов, М.М.Тлеужанов, А.Д.Тайманов, Г.А.Кушаев, Д.Шығайұлы атындағы атаулы шәкіртақылар байқауына 18 студенттен өтініш түскенін, 2026 жылғы 20 ақпандағы атаулы шәкіртақыларды тағайындау жөніндегі комиссия отырысының №1 хаттамасымен іріктеліп аталған шәкіртақыларға ұсынылған үміткерлердің кандидатурасымен таныстырып оларға 2026 жылдың 1 ақпаны мен 30 маусымы аралығында атаулы шәкіртақы тағайындауды сұрады (тізімі тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері университетішілік атаулы шәкіртақыларға үміткерлердің құжаттарымен алдын ала танысқандарын айтып, ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

#### ҚАУЛЫ:

2026 жылдың 1 ақпаны мен 30 маусымы аралығына төмендегі студенттерге университетішілік атаулы шәкіртақы тағайындалсын:

1. М.Өтемісов атындағы атаулы шәкіртақы - 6В01402 Дене шынықтыру және спорт білім беру бағдарламасының 3-курс студенті Иван Дамир Русланұлына;
2. М.Тлеужанов атындағы атаулы шәкіртақы - 6В01705 - Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламасының 3-курс студенті Нұрлыбекқызы Ренатаға;
3. А.Тайманов атындағы атаулы шәкіртақы - 6В01518 Информатика және робототехника білім беру бағдарламасының 3-курс студенті Даупаев Алишер Маратовичке;
4. Г.А.Кушаев атындағы атаулы шәкіртақы - 6В03102 Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасының 3-курс студенті Хайруллин Азамат Максұтовичке;
5. В.В.Иванов атындағы атаулы шәкіртақы - 6В01532 – Биология-Психология білім беру бағдарламасының 3-курс студенті Салтанатқызы Гүлмаралға;

6. А.С.Пушкин атындағы атаулы шәкіртақы - 6B01303 Бастауышта оқыту (IP) білім беру бағдарламасының 3-курс студенті Авазханова Севинч Бахрамжанқызына;
7. Дәулеткерей Шығайұлы атындағы атаулы шәкіртақы - 6B02129 Аспаптық орындау білім беру бағдарламасының 3-курс студенті Ізімова Айым Жалғасқызына.

#### ТЫҢДАЛДЫ:

Ғылым және жоо–дан кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі М.Ғ.Кәкішев ғылыми кеңес мүшелерін 2025-2026 оқу жылында қысқы қабылдау нәтижесінде 1-курсқа қабылданған магистранттардың магистрлік диссертацияларының тақырыптары мен ғылыми жетекшілерімен таныстырып, олардың сарапшылар комиссиясының қарауынан өтіп ұсынылғанына және ғылыми жетекшілердің біліктілік талаптарына сай келетініне тоқталып, бекітуді сұрады (тізімі тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері магистрлік диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілерінің кандидатурасымен алдын ала танысқандарын айтып, ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

#### ҚАУЛЫ:

2025-2026 оқу жылында 1-курсқа қабылданған магистранттардың диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілері бекітілсін:

**7M01307 «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасында**

1. Орынғалиева Айкөркем Нұрболатқызының тақырыбы «Бастауыш сыныптарда креативті білімді дамытуда цифрлық технологияларды қолдандудың педагогикалық негіздері» ғылыми жетекшісі п.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) С.С. Сейтенова.

**7M01501 «Математика» білім беру бағдарламасында**

2. Серік Назерке Муслимқызының тақырыбы «Жалпы орта білім беретін мектепке математиканы STEM – тәсілі арқылы оқыту әдістемесі (5-6-сынып)» ғылыми жетекшісі философия докторы (PhD), БҚУ қауымдастырылған профессоры (доцент) Г.М. Айтенова.

**7M01504 «Физика» білім беру бағдарламасында**

3. Таганиязова Зарина Бауржановнаның тақырыбы «Физика пәнін инклюзивті оқытуда цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын қолдану» ғылыми жетекшісі философия докторы (PhD), аға оқытушы М.Д. Кабибуллин.

**7M01535 «Информатика» білім беру бағдарламасында**

4. Джумабаев Алихан Азаматовичтің тақырыбы «Киберқауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру үшін информатиканы оқытуда CTF-тапсырмаларды әзірлеп енгізу әдістемесі» ғылыми жетекшісі философия докторы (PhD), доцент м.а. Г.И. Аймичева.

**7M01703 «Орыс тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасында**

5. Қажым Айнаш Әлібекқызының тақырыбы «Методика преподавания русского языка в условиях клипового мышления школьников» ғылыми жетекшісі п.ғ.к., доцент К.Т. Утегенова.

**7M01705 «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасында**

6. Фефелова Елена Алексеевнаның тақырыбы «Communicative-cognitive approach in teaching of English language vocabulary in 7<sup>th</sup>-8<sup>th</sup> grades of secondary school» ғылыми жетекшісі ф.ғ.к., аға оқытушы В.А. Разумовская.

**7M03104 «Психология» білім беру бағдарламасында**

7. Табылдиева Шұғыла Жанарбекқызының тақырыбы «Студенттердің ғылыми-зерттеу қызметіне психологиялық дайындығын дамытудағы өзің-өзі реттеу мен рефлексия» ғылыми жетекшісі п.ғ.к, доцент, профессор В.К. Зарецкий.

**7M05101 «Биология» білім беру бағдарламасында**

8. Щучкина Лина Аркадьевнаның тақырыбы «Пространственная структура ковыльных сообществ в окрестностях п. Новенький, Западно-Казахстанская область» ғылыми жетекшісі б.ғ.к., профессор Т.Е. Дарбаева.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Білім беру бағдарламалары жобалық кеңсесінің жетекшісі Б.Ж. Джангазиева ғылыми кеңес мүшелерінен лицензияға қосымша алу үшін 6B01901 «Арнайы педагогика», 8D01302 «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі», 8D01301 «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламаларын Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті тізіліміне енгізуді мақұлдап, бекіту үшін басқарманың қарауына жіберуді сұрады.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

Академиялық мәселелер бойынша проектор Г.С. Қайсағалиева докторантура мен бакалавриатта тиісті кадрлар даярлау бағыттарына лицензияға қосымша алу үшін білім беру бағдарламаларын сараптамадан өткізу мақсатында Жоғары білімді дамыту ұлттық орталығының тізіліміне енгізуді қолдайтынын білдірді.

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

**ҚАУЛЫ:**

Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының білім беру бағдарламаларының тізіліміне төмендегі білім беру бағдарламаларын енгізу жөніндегі мәселе мақұлданып, М.Өтемісов атындағы БҚУ коммерциялық емес акционерлік қоғамы басқармасының қарауына жіберілсін:

1. 6B01901 «Арнайы педагогика»;
2. 8D01302 «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі»;
3. 8D01301 «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі».

## ТЫҢДАЛДЫ:

Халықаралық қатынастар және көптілділік бөлімінің жетекшісі В.С. Зубков ғылыми кеңес мүшелерін «М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы білім беру үрдісінің жағдайларына шетелдік студенттер мен магистранттарды бейімдеу бағдарламасы» мен «ERASMUS+, DAAD, MEVLANA, ORHUN және басқа да академиялық ұтқырлық жобаларына қатысу үшін М. Өтемісов атындағы БҚУ студенттері мен профессор-оқытушылар құрамын іріктеу туралы ережені» және 25.01.2021 жылғы «М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» білім алушылары мен оқытушыларының академиялық ұтқырлығы туралы ережесін» өзектендіру мақсатында енгізілген:

1. 1.6-тармақ «М. Өтемісов атындағы БҚУ-дың 2025–2029 жылдарға арналған даму жоспары» деген сөздермен толықтырылсын.
2. 2-бөлімнің 2.3-тармағы келесі редакцияда баяндалсын:
  - Академиялық ұтқырлықты жоспарлау және ұйымдастыру кезінде (соның ішінде Erasmus+, Mevlana, DAAD және т.б. бағдарламалар бойынша) халықаралық байланыстар және көптілділік бөліміне ұсынылуы тиіс келесі құжаттар пайдаланылады:
  - БҚУ оқытушыларынан 2 ұсыным хат;
  - Ағылшын тілін меңгеру деңгейін растайтын халықаралық танылған сертификаттың көшірмесі (IELTS, TOEFL) немесе шет тілін білу деңгейін растайтын өзге баламалы құжат;
  - 18 жасқа толмаған студенттер үшін академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шетелге шығуға ата-анасының жазбаша келісімі. Шетелдік серіктес жоғары оқу орындарына шығатын студенттер үшін ата-анасының келісімі нотариалды куәландырылып, білім алатын елдің тіліне аударылуы тиіс.
3. 2.10-тармақ мынадай редакцияда қосылсын: «Қаржыландырылатын халықаралық алмасу бағдарламаларына (ERASMUS+, Mevlana, DAAD, FULBRIGHT, UGRAD және т.б.) қатысуға үміткерлерге қойылатын талаптар тиісті бағдарламалардың қағидаларымен белгіленеді. Халықаралық бағдарламаларға қатысуды қаржыландыру әрбір академиялық ұтқырлық бағдарламасының қаржыландыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады».
4. 2.13-тармақ мынадай редакцияда баяндалсын: «Академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша алыс шетел елдеріне бір семестрлік оқуға өз қаражаты есебінен кеткен білім алушылар БҚУ-да бір семестр оқу ақысы төлеуден босатылады».
5. 2.14-тармақ мынадай редакцияда қосылсын: «2.14 БҚУ-да ақылы негізде білім алатын және жақын шетел жоғары оқу орындарымен академиялық ұтқырлық бағдарламаларына өз қаражаты есебінен қатысатын білім алушылар үшін БҚУ-дағы сәйкес келетін кредиттер бойынша оқу ақысына қайта есептеу жүргізіледі. Қайта есептеу БҚУ басқарма төрағасы – ректордың атына жазбаша өтініш беру арқылы, тіркеу-офисі бөлімі, халықаралық байланыстар және көптілділік бөлімі, сондай-ақ

БҚУ бухгалтериясы басшыларының визалары негізінде жүзеге асырылады».

6. 3-бөлімнің 2.3-тармағына келесі өзгерістер енгізілсін: «Бөлім Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетімен және Ұлттық жоғары білімді дамыту орталығымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді».
7. 3-бөлімнің 3.3.1-тармақшасы мынадай редакцияда баяндалсын: «Факультеттердегі академиялық ұтқырлық үйлестірушілерін факультет декандары академиялық мәселелер бойынша проректормен келісу арқылы тағайындайды».
8. 4-бөлімнің 4.1-тармағы мынадай редакцияда баяндалсын: «Академиялық ұтқырлық шеңберінде республикалық бюджет қаражаты есебінен шетелде оқуға жіберу ҚР БҒМ 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығына сәйкес «Шетелде оқуға, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға жіберу қағидаларын бекіту туралы» жоғары оқу орны арқылы жүзеге асырылады».
9. 4-бөлімнің 4.2-тармағы мынадай редакцияда баяндалсын: «Үміткерлер құжаттарды конкурс жарияланған күннен бастап 60 (алпыс) жұмыс күні ішінде электрондық үкімет порталы арқылы және (немесе) БҚУ кеңсесі арқылы 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрықтың 10-қосымшасының 8-тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес тапсырады».
10. 6-бөлімнің 6.1-тармағы мынадай редакцияда баяндалсын: «БҚУ оқытушыларының академиялық ұтқырлығын жүзеге асырудың басым тәсілі – оларды 2 аптадан 4 аптаға дейінгі мерзімге серіктес жоғары оқу орындары мен ұйымдарға іссапарға жіберу».
11. 6-бөлімнің 6.2-тармағы мынадай редакцияда баяндалсын: «Жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастық және біліктілікті арттыру туралы шарттар шеңберінде оқытушылардың академиялық ұтқырлығын қаржыландыру бюджеттен тыс қаражат есебінен, паритеттік негіздегі өзара алмасу арқылы, қызметкерлердің өз қаражаты немесе өзге де қаржыландыру көздері есебінен жүзеге асырылуы мүмкін. Оқытушы академиялық ұтқырлық бағдарламасына өз қаражаты есебінен қатысқан жағдайда, университет академиялық ұтқырлық кезеңінде қызметкердің жалақысын сақтауға құқылы».
12. 6-бөлім 6.3-тармақпен толықтырылсын: «Академиялық ұтқырлық бағдарламаларымен іссапарға жіберу туралы шешім бұйрықпен бекітіледі».
13. 6-бөлім 6.4-тармақпен толықтырылсын: «Оқытушылардың академиялық ұтқырлығы офлайн, онлайн және аралас форматта жүзеге асырылуы мүмкін».

толықтырулар мен өзгерістерді таныстырып, олардың тиісті құрылым жетекшілері мен заңгермен келісіліп, танысу үшін алдын ала ғылыми кеңес мүшелеріне жіберілгенін айтып аталған құжаттарды бекітуді сұрады (мәтіні тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері аталған құжаттармен алдын ала танысқандарын айтып, ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

#### ҚАУЛЫ:

1. «Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы білім беру үрдісінің жағдайларына шетелдік студенттер мен магистранттарды бейімдеу бағдарламасы» бекітілсін.
2. «ERASMUS+, DAAD, MEVLANA, ORHUN және басқа да академиялық ұтқырлық жобаларына қатысу үшін М. Өтемісов атындағы БҚУ студенттері мен профессор-оқытушылар құрамын іріктеу туралы ереже» бекітілсін.
3. «Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» білім алушылары мен оқытушыларының академиялық ұтқырлығы туралы ережесіне енгізілген төмендегі толықтырулар мен өзгерістер бекітілсін:
  1. 1.6-тармақ «М. Өтемісов атындағы БҚУ-дың 2025–2029 жылдарға арналған даму жоспары» деген сөздермен толықтырылсын.
  2. 2-бөлімнің 2.3-тармағы келесі редакцияда баяндалсын:
    - Академиялық ұтқырлықты жоспарлау және ұйымдастыру кезінде (соның ішінде Erasmus+, Mevlana, DAAD және т.б. бағдарламалар бойынша) халықаралық байланыстар және көптілділік бөліміне ұсынылуы тиіс келесі құжаттар пайдаланылады:
    - БҚУ оқытушыларынан 2 ұсыным хат;
    - Ағылшын тілін меңгеру деңгейін растайтын халықаралық танылған сертификаттың көшірмесі (IELTS, TOEFL) немесе шет тілін білу деңгейін растайтын өзге баламалы құжат;
    - 18 жасқа толмаған студенттер үшін академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шетелге шығуға ата-анасының жазбаша келісімі. Шетелдік серіктес жоғары оқу орындарына шығатын студенттер үшін ата-анасының келісімі нотариалды куәландырылып, білім алатын елдің тіліне аударылуы тиіс.
  3. 2.10-тармақ мынадай редакцияда қосылсын: «Қаржыландырылатын халықаралық алмасу бағдарламаларына (ERASMUS+, Mevlana, DAAD, FULBRIGHT, UGRAD және т.б.) қатысуға үміткерлерге қойылатын талаптар тиісті бағдарламалардың қағидаларымен белгіленеді. Халықаралық бағдарламаларға қатысуды қаржыландыру әрбір академиялық ұтқырлық бағдарламасының қаржыландыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады».
  4. 2.13-тармақ мынадай редакцияда баяндалсын: «Академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша алыс шетел елдеріне бір семестрлік оқуға өз қаражаты есебінен кеткен білім алушылар БҚУ-да бір семестр оқу ақысы төлеуден босатылады».
  5. 2.14-тармақ мынадай редакцияда қосылсын: «2.14 БҚУ-да ақылы негізде білім алатын және жақын шетел жоғары оқу орындарымен академиялық ұтқырлық бағдарламаларына өз қаражаты есебінен қатыса-

тын білім алушылар үшін БҚУ-дағы сәйкес келетін кредиттер бойынша оқу ақысына қайта есептеу жүргізіледі. Қайта есептеу БҚУ басқарма төрағасы – ректордың атына жазбаша өтініш беру арқылы, тіркеу-офисі бөлімі, халықаралық байланыстар және көптілділік бөлімі, сондай-ақ БҚУ бухгалтериясы басшыларының визалары негізінде жүзеге асырылады».

6. 3-бөлімнің 2.3-тармағына келесі өзгерістер енгізілсін: «Бөлім Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетімен және Ұлттық жоғары білімді дамыту орталығымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді».
7. 3-бөлімнің 3.3.1-тармақшасы мынадай редакцияда баяндалсын: «Факультеттердегі академиялық ұтқырлық үйлестірушілерін факультет декандары академиялық мәселелер бойынша проректормен келісу арқылы тағайындайды».
8. 4-бөлімнің 4.1-тармағы мынадай редакцияда баяндалсын: «Академиялық ұтқырлық шеңберінде республикалық бюджет қаражаты есебінен шетелде оқуға жіберу ҚР БҒМ 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығына сәйкес «Шетелде оқуға, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға жіберу қағидаларын бекіту туралы» жоғары оқу орны арқылы жүзеге асырылады».
9. 4-бөлімнің 4.2-тармағы мынадай редакцияда баяндалсын: «Үміткерлер құжаттарды конкурс жарияланған күннен бастап 60 (алпыс) жұмыс күні ішінде электрондық үкімет порталы арқылы және (немесе) БҚУ кеңсесі арқылы 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрықтың 10-қосымшасының 8-тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес тапсырады».
10. 6-бөлімнің 6.1-тармағы мынадай редакцияда баяндалсын: «БҚУ оқытушыларының академиялық ұтқырлығын жүзеге асырудың басым тәсілі – оларды 2 аптадан 4 аптаға дейінгі мерзімге серіктес жоғары оқу орындары мен ұйымдарға іссапарға жіберу».
11. 6-бөлімнің 6.2-тармағы мынадай редакцияда баяндалсын: «Жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастық және біліктілікті арттыру туралы шарттар шеңберінде оқытушылардың академиялық ұтқырлығын қаржыландыру бюджеттен тыс қаражат есебінен, паритеттік негіздегі өзара алмасу арқылы, қызметкерлердің өз қаражаты немесе өзге де қаржыландыру көздері есебінен жүзеге асырылуы мүмкін. Оқытушы академиялық ұтқырлық бағдарламасына өз қаражаты есебінен қатысқан жағдайда, университет академиялық ұтқырлық кезеңінде қызметкердің жалақысын сақтауға құқылы».
12. 6-бөлім 6.3-тармақпен толықтырылсын: «Академиялық ұтқырлық бағдарламаларымен іссапарға жіберу туралы шешім бұйрықпен бекітіледі».
13. 6-бөлім 6.4-тармақпен толықтырылсын: «Оқытушылардың академиялық ұтқырлығы офлайн, онлайн және аралас форматта жүзеге асырылуы мүмкін».

#### ТЫҢДАЛДЫ:

Ғылыми хатшы А.С.Ниетова ғылыми кеңес мүшелерін б.ғ.к., Д.Т. Утеулиева, аға оқытушылар К.Б. Булатова, Ж.М. Ихласовалардың 6В01533 – Биология (IP) білім беру бағдарламасына арналған «Жануарлардың құрылымы мен қызметі 1» оқу құралын Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы ҚР ҒЖБМ РОӘК «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласындағы «015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер дайындау» бағытындағы ОӘБ грифін алуға ұсыну туралы кеңес төрағасының атына келіп түскен өтінішімен таныстырып, құжаттарының талапқа сай ресімделгеніне тоқтала отырып, ұсынысты қолдауды сұрады (қажетті құжаттар тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

#### ҚАУЛЫ:

Б.ғ.к., Д.Т. Утеулиева мен аға оқытушылар К.Б. Булатова, Ж.М. Ихласовалардың 6В01533 – Биология (IP) білім беру бағдарламасына арналған «Жануарлардың құрылымы мен қызметі 1» оқу құралын Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы ҚР ҒЖБМ РОӘК «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласындағы «015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер дайындау» бағытындағы ОӘБ грифін алуға ұсынылсын.

#### ТЫҢДАЛДЫ:

Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор М.Қ. Сүлейменов ғылыми кеңес мүшелерінен 30.01.2026 жылы университет пен «О.В. Талецкий» ЖК арасында жасалған №181 келісімшартқа сәйкес университеттің үздік студентін марапаттау мақсатында қайырымдылық (демеушілік) көмек ретінде тағайындалған шәкіртақыға (жүз мың теңге көлемінде) университет «ҚР Президентінің, университеттің атаулы шәкіртақыларын, қайырымдылық, демеушілік және т.б. қаржылай қолдау» комиссиясының 20.02.2026 ж. №1 хаттамасының негізінде, 2026 жылдың 1 ақпаны мен 30 маусымы аралығында білімде, ғылымда, қоғамдық жұмыстарда белсенділік танытып жүрген, университеттің «Үздік студент – 2025» аталымының иегері 6В01533 «Биология» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті Есқайырова Гүлназ Арманқызын ұсынып, кеңес мүшелерінің үміткерді қолдауын сұрады (қажетті құжаттар тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

#### ҚАУЛЫ:

Университеттің үздік студентін марапаттау мақсатында қайырымдылық (демеушілік) көмек ретінде 2026 жылдың 1 ақпаны мен 30 маусымы аралығына «О.В. Талецкий» ЖК тағайындаған шәкіртақыға (жүз мың теңге кө-

лемінде) 6B01533 «Биология» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті  
Есқайырова Гүлназ Арманқызы ұсынылсын.

**Кеңес төрағасы:**



**Н.Х.Серғалиев**

**Ғылыми хатшы:**



**А.С.Ниетова**

**М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ғылыми кеңесінің  
2025 – 2026 оқу жылындағы**

**қатысу парағы**

**27.02.2026 ж.**

№	Аты-жөні	Лауазымы	Қатысуы
1.	Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы	басқарма төрағасы-ректор	<i>серғалиев</i>
2.	Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы	тарих ғылымдарының докторы, академик	<i>себетте</i>
3.	Қайсағалиева Гүлжахан Смайылқызы	академиялық мәселелер бойынша проректор	<i>Касеев</i>
4.	Ахмеденов Қажымұрат Мақсотұлы	ҒЖ және ХБ жөніндегі проректор	<i>Ахмеденов</i>
5.	Сүлейменов Мерген Қуанышұлы	ТЖ және ӘМ жөніндегі проректор	<i>Сүлейменов</i>
6.	Бекжанова Жадыра Мұратқызы	БҚО білім басқармасы мектеп бөлімінің басшысы	<i>Бекжанова</i>
7.	Хусаинов Мерғали Серғазыұлы	ардагерлер кеңесінің төрағасы	<i>Хусаинов</i>
8.	Ниетова Айгүл Серікқызы	ғылыми хатшы	<i>Ниетова</i>
9.	Қажиахметов Салауат Абайұлы	кәсіподақ ұйымының төрағасы	<i>Қажиахметов</i>
10.	Есенғалиева Алмагүл Нәсіпқалиқызы	физика-математика факультеті деканының м.а.	<i>Есенғалиева</i>
11.	Тұрғымбаев Ақан Асқарұлы	жаратылыстану-география факультетінің деканы	<i>Тұрғымбаев</i>
12.	Ерғалиева Гүлжан Алғазықызы	педагогика факультетінің деканы	<i>Ерғалиева</i>
13.	Қажымова Қарлығаш Рахымқызы	мәдениет және өнер факультетінің деканы	<i>Қажымова</i>
14.	Ақболатов Айдарбек Ахметұлы	филология факультетінің деканы	<i>себетте</i>
15.	Испулова Роза Нәбиқызы	педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент	<i>Испулова</i>
16.	Искакова Балым Габбасқызы	экономика ғылымдарының кандидаты, доцент	<i>Искакова</i>
17.	Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы	педагогика ғылымдарының докторы, профессор	<i>Қыдыршаев</i>
18.	Кульжумиева Айман Амангелдіқызы	физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент)	<i>Кульжумиева</i>
19.	Сагидуллаев Дарын Зайнуллаұлы	БҚУ жас ғалымдар кеңесінің төрағасы	<i>Сагидуллаев</i>
20.	Ибатова Айнара Айтқалиқызы	музыкалық білім беру бағдарламасы- ның 1-курс магистранты	<i>Ибатова</i>
21.	Нұрболат Нұржол Ерланұлы	физика-математика факультетінің 3-курс студенті, студенттік ректор	<i>себетте</i>